

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасында
Стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімді жасасу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қаңтар N 74. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.26. N 422 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасында Стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен түркімен тарапымен жоғарыда көрсетілген Келісімді жасасу туралы келіссөз жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасында Стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалсын.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат беріліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметінің арасында Стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасында
Стандарттау, метрология, сертификаттау және
тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің басшылары 1992 жылғы 13 наурызда қол қойған Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

экономикалық және сауда қатынастарындағы техникалық кедергілерді жою мақсатында,

сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастықтың табысты болуы үшін стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөніндегі мәселелердің халықаралық сипатын және оларды шешудің маңыздылығын атап өте отырып,

тұтынушылар құқықтарын қорғау және өзара жеткізіліп берілетін өнімнің қауіпсіздігін растауды қамтамасыз ету мақсатында стандарттауды, метрологияны, сертификаттауды және тіркеуді дамытудағы өзара мүдделілікті ескере отырып, бұдан әрі Тараптар деп аталатындар мыналар туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде екі мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірместен, Қазақстан Республикасының және Түркіменстанның қолданылып жүрген заңдарын басшылыққа алатын болады.

2-бап

Тараптар стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастықты:

стандарттаудың қолданылып жүрген ұлттық жүйелерін үйлестіру, өлшеулердің, сертификаттаудың және тіркеудің осындай халықаралық жүйелерінің талаптарымен бірыңғайлылығын қамтамасыз ету арқылы;

стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы нормативтік және ақпараттық материалдармен, соның ішінде көрсетілген бағыттардағы өнімдер мен қызмет көрсетулердің халықаралық және ұлттық стандарттарымен алмасу арқылы;

өзара жеткізіліп берілетін өнімдердің нормативтік құжаттарын үйлестіру және оны сертификаттау рәсімдері бойынша бірлескен жұмыс жүргізу арқылы;

өлшеу құралдарын мемлекеттік сынаудың, салыстырып тексерудің, калибрлеудің және метрологиялық аттестациялаудың нәтижелерін, сынақтар хаттамаларын, сәйкестік сертификаттарын және өзара жеткізіліп берілетін өнімдерге сәйкестік белгілерін тану, сондай-ақ өзара келісілген жағдайда сертификаттау органдарын және өлшеу, сынақ, тексеру және калибрлеу зертханаларын тіркеу арқылы;

стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу мәселелері бойынша өзара консультациялар арқылы;

стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу мәселелері бойынша

бірлескен семинарлар мен конференциялар өткізу арқылы дамытатын және нығайтатын болады.

3-бап

Бір Тараптың стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөніндегі нормативтік құжаттарын, егер оларда мемлекеттердің заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер болмаса, екінші Тарап қабылдай алады.

4-бап

Тараптар кадрлар даярлауда және олардың біліктілігін арттыруда, мамандармен алмасуда, кәсіпорындар, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар арасында тікелей байланыстар орнатуда өзара іс-қимыл жасайды және бұл өзара іс-қимыл үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

5-бап

Осы Келісімді орындау жөнінде:

Қазақстан Республикасында - Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті;

Түркіменстанда - "Түркіменстандартлары" бас мемлекеттік қызметі жауапты органдар болып табылады.

6-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көзделген бағыттардағы ынтымақтастық бірлесіп жасалған Бағдарламалар негізінде жүзеге асырылатын болады.

Осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру үшін Тараптар қажет болған жағдайда бірлескен жұмыс топтарын құратын болады.

7-бап

Осы Келісімнің шеңберінде жүргізілетін жұмыстар туралы және қол жеткен ғылыми-техникалық нәтижелер туралы алынатын ақпараттың құпия сипаты бар деп Тараптардың бірі ескертетін болса, Тараптар бұл ақпараттың құпиялылығын қ а м т а м а с ы з е т е т і н б о л а д ы .

Ынтымақтастық барысында Тараптардың бірі алатын ғылыми-техникалық ақпарат сол ақпаратты берген Тарап келіскен жағдайда ғана үшінші Тарапқа б е р і л у і м ү м к і н .

Келіссөздер және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың бірлесіп алынған нәтижелері туралы ақпарат Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша жариялануы мүмкін.

8-бап

Осы Келісім стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы Тараптар жасасқан өзге де шарттардан туындайтын міндеттемелерді қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелері қажет болған жағдайда Тараптар арасында жасалған қосымша келісімдермен және/немесе хаттамалармен нақтыланатын б о л а д ы .

Осы Келісімді орындаумен және түсіндірумен байланысты барлық даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5 жыл ішінде қолданылады және егер Тараптардың бірі осы Келісімнің күшін тоқтатуға өз ниеті туралы Келісім қолданылуының кезекті кезеңі аяқталудан 6 ай бұрын басқа Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, келесі 5 жылға өздігінен ұзартылады.

Ашгабат қаласында 2000 жылғы " ____ " _____ екі түпнұсқа данада қазақ, түркімен және орыс тілдерінде жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түркіменстан

Үкіметі үшін